

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 наурыздағы N 252 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы N 384 Қаулысы

Иссапардың уақыты мен бағытының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының делегациясын Тегеран қаласына (Иран Ислам Республикасы) іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 наурыздағы N 252 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

төртінші абзац "осы қаулыға" деген сөздердің алдынан "Ерлік Шәкірұлы Әлиді және Дархан Абайұлы Сейтеновті қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацтағы "3 - 12 наурыз кезеңіне" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Ерлік Шәкірұлы Әли және Дархан Абайұлы Сейтенов 2009 жылғы 5 - 13 наурыз к е з е ң і н е " ;

2 - т а р м а қ т ы ң 2) т а р м а қ ш а с ы н д а :

екінші абзац "Ардақ Өміржанұлы Құрамысовты," деген сөздерден кейін "Андрей Павлович Ярославскийді, Асқар Уахитұлы Раганинді, Сергей Иванович Ерисовті, Мағаз Болатұлы Мұқашевті, Рақым Майданұлы Нұртазинді, Мағжан Тұрғанбекұлы Мұсағазинді," деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзац "Ерлан Батырбекұлы Досымбековке," деген сөздерден кейін "Андрей Павлович Ярославскийге, Асқар Уахитұлы Раганинге, Сергей Иванович Ерисовке, Мағаз Болатұлы Мұқашевқа, Рақым Майданұлы Нұртазинге, Мағжан Тұрғанбекұлы Мұсағазинге," деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзац "Ерлік Шәкірұлы Әлиді" деген сөздерден кейін "және Дархан Абайұлы Сейтеновті" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзац "Ерлік Шәкірұлы Әлиге" деген сөздерден кейін "және Дархан Абайұлы Сейтеновке" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. М ә с і м о в*